

"Жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерін айқындау тәртібін және олардың тізбесін, сондай-ақ жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің мамандандырылған медициналық көмектің көрсетілетін қызметтері тізбесіне өту өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № ҚР ДСМ-134/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № ҚР ДСМ -141 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қаңтарда № 26398 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерін айқындау тәртібін және олардың тізбесін, сондай-ақ жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің мамандандырылған медициналық көмектің көрсетілетін қызметтері тізбесіне өту өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № ҚР ДСМ-134/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21471 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмек ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2021 жылғы 31 желтоқсандағы
№ ҚР ДСМ -141 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 16 қазандағы
№ ҚР ДСМ-134/2020 бұйрығына
2-қосымша

Жоғары технологиялық медициналық көмек түрлерінің тізбесі

1-кесте. Шұғыл емдеуге жатқызу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін жоғары технологиялық медициналық қызметтердің түрлері

№	ЖТМК коды	ЖТМК атауы
1	00.50	Жалпы жүйенің дефибрилляторын ескертусіз бивентрикулярлық электрокардиостимуляторды импланттау (CRT-P)
2	39.65	Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация
3	35.84	Басқа айдарларда жіктелмейтін ірі тамырлардың транспозициясын толық қалпына келтіру
4	35.23	Митралдық қақпақшаны тіндік трансплантаттаумен ашық және басқаша ауыстыру
5	35.21	Қолқа қақпақшасын тіндік трансплантаттаумен ашық және басқаша ауыстыру
6	35.82	Өкпе веналарының аномалдық қосылысын толық қалпына келтіру
7	37.94	Автоматты кардиовертерді/ дефибрилляторды имплантаттау
8	37.66	Имплантатталатын қосалқы жүрек жүйесін енгізу
9	35.33	Аннулопластика
10	81.042	Эндокорректор фиксациясы арқылы кеуде және бел омыртқаларының спондиллодезі, эндотүзеткіштер арқылы ішкі бекітумен алдыңғы жету әдісі

11	39.72	Бас пен мойынның тамырларын эндоваскулярлық (жаппай) эмболиялау немесе окклюзиялау
12	00.65	Стенттерді бассүйекішілік артерияларға тері арқылы имплантаттау
13	02.93	Интракраниалдық нейростимулятордың электродын (электродтарын) имплантаттау немесе ауыстыру
14	03.7992	Негіздемелік стереотаксиялық жүйені қолданумен операция
15	03.7993	Стереотаксиялық жүйені қолданумен ми нейростимуляторын импланттау
16	81.073	Бел және сегізкөз омыртқаларының спондиллодезі, бүйір көлденең қол жеткізу, дискіні протездеу
17	81.062	Эндокорректордың ішкі фиксациясы арқылы бел және сегізкөз омыртқаларының спондиллодезі, алдыңғы жету әдісі
18	81.041	Ішкі транспедикулярлық жүйе мен кейджердің фиксациясы арқылы кеуде және бел омыртқаларының спондиллодезі, алдыңғы жету әдісі
19	81.53	Сан-жамбас буынының ауыстырылуын тексеру, нақтыланбаған
20	81.55	Тізе буынының ауыстырылуын тексеру, нақтыланбаған
21	50.52	Өлімнен кейінгі донордан бауырды трансплантаттау
22	55.62	Өлімнен кейінгі донордан бүйректі трансплантаттау
23	50.59	Бауырды басқа трансплантаттау
24	86.66	Теріні аллотрансплантаттау
25	52.53	Радикалдық субтоталдық панкреатэктомия
		Консультациялық-диагностикалық көмек шеңберінде қатерлі ісік аурулары бойынша технологиялар тізімі
26	92.201	Қуықасты безі обырының жоғары мөлшердегі брахитерапиясы
27	92.202	Қуықасты безінің оқшауланған обырының интерстициалдық

		сәулелік терапиясы (брахитерапия)
28	92.247	Сызықтық үдеткіште фотондарды қолдану арқылы қашықтықтан сәулелік терапия
29	92.203	Әйел жыныс мүшелерінің обыры кезіндегі жоғары дозалы брахитерапия

2-кесте. Жоспарлы емдеуге жатқызу кезіндегі тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін жоғары технологиялық медициналық қызметтердің түрлері

№	АХЖ-9 коды	АХЖ - 9 атауы
1	92.291	Қалқанша безі ауруының радио-йод терапиясы
2	92.321	Гамма-пышақ аппаратын қолдана отырып, орталық жүйке жүйесі ауруларын емдеудің радиохирургиялық әдісі
3	92.201	Қуықасты безі обырының жоғары мөлшердегі брахитерапиясы
4	92.202	Қуықасты безінің оқшауланған обырының интерстициалдық сәулелік терапиясы (брахитерапия)
5	92.247	Сызықтық үдеткіште фотондарды қолдану арқылы қашықтықтан сәулелік терапия
6	92.203	Әйел жыныс мүшелерінің обыры кезіндегі жоғары дозалы брахитерапия

3-кесте. Жоспарлы емдеуге жатқызу кезіндегі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін жоғары технологиялық медициналық көмектің түрлері

№	АХЖ-9 коды	АХЖ - 9 атауы
1	00.50	Жалпы жүйенің дефибриляторын ескертусіз бивентрикулярлық электрокардиостимуляторды имплантаттау (CRT-P)
2	00.51	Жалпы жүйенің бивентрикулярлық дефибриляторын имплантаттау (CRT-D)
3	00.65	Стенттерді бассүйекішілік артерияларға тері арқылы имплантаттау

4	00.93	Трансплантаттау үшін кадаврдан ағзаларды және/немесе тіндерді алу
5	01.53	Эпилепсия кезінде мидың лобэктомиясы
6	02.93	Интракраниалдық нейростимулятордың электродын (электродтарын) имплантаттау немесе ауыстыру
7	03.7992	Негіздемелік стереотаксиялық жүйені қолданумен операция
8	03.7993	Стереотаксиялық жүйені қолданумен ми нейростимуляторын имплантаттау
9	03.93	Арқалық нейростимулятордың электродын (электродтарын) имплантаттау немесе ауыстыру
10	20.95	Электромагниттік есту аппаратын имплантаттау
11	33.5	Өкпені трансплантаттау
12	33.6	"Жүрек – өкпе" кешенін аралас трансплантаттау
13	35.05	Қолқа қақпақшасын эндоваскулярлық ауыстыру
14	35.11	Қолқа қақпақшасының ауыстырмастан ашық вальвулопластикасы
15	35.12	Митралдық қақпақшасының ауыстырылмастан ашық вальвулопластикасы
16	35.121	Митралдық тесік стенозының баллондық вальвулопластикасы
17	35.14	Үшжармалы қақпақшаның ауыстырылмастан ашық вальвулопластикасы
18	35.21	Қолқа қақпақшасын тіндік трансплантаттаумен ашық және басқаша ауыстыру
19	35.23	Тіндік трансплантаттаумен митралдық қақпақшаны ашық және басқаша ауыстыру
20	35.33	Аннулопластика
21	35.55	Протездеу арқылы қарыншааралық қалқаншаның ақауын жабық әдіспен жою
22	35.82	Өкпе веналарының аномалдық қосылысын толық қалпына келтіру

23	35.83	Артериялық дінді толық қалпына келтіру
24	35.84	Басқа айдарларда жіктелмеген ірі тамырлардың транспозициясын толық қалпына келтіру
25	35.91	Веналық ағудың жүрекшеаралық транспозициясы
26	35.9900	Интраоперациялық радиожилік абляцияны пайдалана отырып жүрек қақпақшаларын протездеу
27	35.991	Митралдық тесікті клиптеу
28	36.1000	Интраоперациялық радиожилік абляцияны пайдалана отырып аортокоронарлық шунттау
29	36.16	Қос ішкі маммарлық-коронарлық шунттау
30	37.32	Жүрек аневризмасын кесу
31	37.35	Парциалдық вентрикулоэктомия
32	37.36	Жүрекшенің сол жақ құлақшасын кесу, деструкциялау және алып тастау
33	37.51	Жүректі трансплантаттау
34	37.66	Имплантатталатын қосалқы жүрек жүйесін енгізу
35	37.76	Трансвеналық атриялық және/немесе вентрикулярлық электродты (электродтарды) ауыстыру
36	37.94	Автоматты кардиовертерді/дефибрилляторды имплантаттау
37	37.941	Автоматты кардиовертерді/дефибрилляторды, жалпы жүйені ауыстыру
38	37.96	Автоматты кардиовертердің/дефибриллятордың тек импульстарының генераторын ғана имплантаттау
39	38.12	Бастың және мойынның басқа артерияларының эндартерэктомиясы
40	38.34	Анастомозбен қолқаның резекциясы
41	38.341	Қолқа доғасының үзілісін түзету
42	39.28	Экстра-интракраниалдық васкулярлық шунттау
43	39.591	Қолқа-өкпе саңылауының пластикасы

44	39.65	Экстракорпоралдық мембраналық оксигенация
45	39.72	Бас пен мойынның тамырларын эндоваскулярлық (жаппай) эмболиялау немесе окклюзиялау
46	39.73	Кеуде қолқасына протезді эндоваскулярлық имплантаттау
47	39.731	Аортаның коарктациясын стенттеу
48	41.01	Сүйек кемігінің мезенхималдық дің жасушаларын трансплантаттау
49	41.04	Аутологиялық гемопоэздік дің жасушаларын тазартусыз трансплантаттау
50	41.05	Аллогендік гемопоэздік дің жасушаларын тазартусыз трансплантаттау
51	41.06	Кіндік дің жасушаларын трансплантаттау
52	41.10	Феталдық бағаналық жасушаларды трансплантаттау
53	50.52	Өлімнен кейінгі донордан бауырды трансплантаттау
54	50.59	Бауырды басқа трансплантаттау
55	52.53	Радикалдық субтоталдық панкреатэктомия
56	52.80	Ұйқыбезін трансплантаттау, нақтыланбаған
57	55.5016	Тромбэктомиямен түбегейлі нефрэктомия
58	55.62	Өлімнен кейінгі донордан бүйректі трансплантаттау
59	56.7404	Блохин бойынша қосымша антирефлюксті механизмі бар Политано-Летбеттердің модификацияланған әдісі бойынша уретероцистонеостомия
60	63.8301	Обструкциялық азошәует кезіндегі микрохирургиялық инвагинациондық вазоэпидидимостомия
61	69.921	Классикалық экстракорпоралдық ұрықтандыру, ұзақ хаттама
62	69.922	Классикалық экстракорпоралдық ұрықтандыру, қысқа хаттама
		АЖСИИ (аналық жасушаға сперматозоидты

63	69.923	интрацитоплазмалық инъекциялау)) жасай отырып, экстракорпоралдық ұрықтандыру, ұзын хаттама
64	69.924	АЖСИИ (аналық жасушаға сперматозоидты интрацитоплазмалық инъекциялау)) жасай отырып экстракорпоралдық ұрықтандыру, қысқа хаттама
65	78.191	Кезеңдік түзетуді қажет ететін жамбас сүйектерінде сыртқы бекітуші құрылғыны пайдалану
66	81.041	Ішкі транспедикулярлық жүйе мен кейдждердің фиксациясы арқылы кеуде және бел омыртқаларының спондиллодезі, алдыңғы жету әдісі
67	81.042	Эндокорректор фиксациясы арқылы кеуде және бел омыртқаларының спондиллодезі, алдыңғы жету әдісі
68	81.062	Эндокорректордың ішкі фиксациясы арқылы бел және сегізкөз омыртқаларының спондиллодезі, алдыңғы жету әдісі
69	81.073	Бел және сегізкөз омыртқаларының спондиллодезі, бүйір көлденең қол жеткізу, дискіні протездеу
70	81.53	Сан-жамбас буынының ауыстырылуын тексеру, нақтыланбаған
71	81.55	Тізе буынының ауыстырылуын тексеру, нақтыланбаған
72	81.9610	Сүйек ісігі кезінде буындарды және/немесе сүйекті ауыстыру
73	86.66	Теріні аллотранспланттау
74	99.791	Қанның гематопоздтік дің жасушаларын дайындау